

Ж.С. Хусаинова

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: zhibekh11@mail.ru)*

Қазақстанның ұлттық жобаларын іске асырудағы мемлекеттік-жекеменшік кәсіпкерліктің ерекшеліктері

Мақалада мемлекеттік-жекеменшік әріптестік механизмі арқылы нарықтық экономика жағдайындағы қоғамдық және жеке мүдделерді іске асырудың бағыттары зерттелген. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік Қазақстанның ұлттық жобаларын дамытуға септігін тигізетін әдіс ретінде анықталған. Еліміздің инновациялық қызметін белсендіруде мемлекеттік-жекеменшік әріптестігінің ерекшеліктері қарастырылған. Ұлттық жобаларды стратегиялық басқарудағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамытудың жетілдіру жолдары ұсынылған.

Кілт сөздер: жоба, мемлекет, бизнес, инновация мемлекеттік-жекеменшік кәсіпкерлік.

Қазіргі уақытта мемлекеттік-жекеменшік кәсіпкерлік (МЖК) мемлекет өзінің басты бағдарламалары мен ұлттық жобаларын жүзеге асырудың қолайлы мүмкіндігіне ие болады. Мемлекеттік-жекеменшік кәсіпкерліктің негізгі мақсаты болып мемлекет пен бизнестің ресурстарын және тәжірибесін біріктіру жолымен қоғамның қызығушылығындағы инфрақұрылымды дамыту, экономикалық субъектілерге жоғары сапалы қызметтерді ұсыну жағдайында ең төменгі шығындарды және тәуекелдерді қолдана отырып, қоғамға қажетті ұлттық жобаларды жүзеге асыру табылады.

Қазақстандағы жүзеге асырылатын ұлттық жобалар жиынтығы тұрақты экономикалық өсуге, инновацияларды, білімі мен дағдыларды экономиканың барлық салаларында дамудың басым факторы ретінде қолдануға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы экономикасының дәстүрлі салаларын жаңғырту үшін бағытталған. Осылайша ұлттық жобалар 2050 жылға дейінгі Қазақстанның даму стратегиясына, Қазақстан дамуының 2020 жылға дейінгі стратегиялық жоспарына, «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына негізделген стратегиялық жобаларды шешуге арналған.

Жалпы, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік — бұл жеке сектордың мемлекет атынан объектілерді жобалау, қаржыландыру, тұрғызу, қайта жөндеу, пайдалану немесе қызмет көрсету бойынша қоғамға маңызды қызметтерді ұсыну үшін мемлекет пен жеке сектордың арасындағы орта немесе ұзақ мерзімді өзара қатынастар жүйесі.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «100 нақты қадам» Ұлт жоспарына сәйкес мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті одан әрі дамытудың маңызы зор. Ұлт жоспарының 34-қадамына [1] сәйкес мемлекеттік-жекеменшік кәсіпкерлікті дамыту шеңберінде пенитенциарлық инфрақұрылымды жаңғырту, пенитенциарлық мекемелерді салуға, ұстауға және басқаруға жекеменшік секторды тарту жөнінде ұсыныстарды екшеу және осы салада халықаралық тәжірибені зерттеу, жобаларды құрылымдау бойынша ауқымды жұмыстар қарастырылған.

Негізінен, барлық мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктер инфрақұрылым объектісін немесе қызметті ұсыну барысында мемлекеттік және жеке сектор арасында тәуекелдерді бөлудің белгілі формаларын білдіреді. Тәуекелді жеке секторға беру МЖК-ті мемлекеттік сектордың қоғамдық қызметтерді ұсынудың дәстүрлі моделінен айрықшалайтын негізгі фактор болып табылады.

МЖК-тің жеке сектордың қатысу дәрежесіне байланысты түрлі формаларда көрініс табуына қарамастан, жалпы, олар қандай да бір ортақ белгілерге ие болады. Мемлекеттік-жекеменшік кәсіпкерлікте:

- тәртіп бойынша, МЖК жеке сектордың қоғамдық инфрақұрылым объектілер немесе өзге де негізгі қызметтерді ұсынуы мақсатында мемлекеттік сектор мен жеке сектор арасындағы шарттық қатынастарды білдіреді;
- инфрақұрылым объектілерін қаржыландыру немесе қызмет көрсету жеке әріптеспен толығымен немесе жартылай жүзеге асырылады;
- түрлі тәуекелдер мемлекеттік және жеке әріптестер арасында бөлінеді, мұнда тәуекелдің әр типі тәуекелді басқарудың жоғары мүмкіндігіне ие әріптеске беріледі;
- тәуекелдер әріптестердің шарттарға отыру жолымен бөлінеді [2].

Осылайша, негізгі қағида табысты МЖК-тің саналы баға бойынша объектілер мен қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз етуге қатысты қоғамның қажеттілігі мен саналы пайда алуға қатысты жеке әріптестердің қажеттілігі арасындағы теңдікті сақтауынан тұрады.

Алайда мемлекеттік және жеке сектор арасындағы барлық шарттық қатынастардың барлығы МЖК-ке жатқызыла бермейді. Мысалы, МЖК:

- тек қана қызметтерді тарту құралы ғана болып табылмайды. Керісінше, МЖК-те жауапкершіліктің басым бөлігі жеке әріптеске жүктеледі;

- қоғам үшін жеке тараптың қайырымдылығы да болып табылмайды. МЖК-те жеке әріптес лайықты пайда алу мақсатында қатысады;

- жеке мақсаттарға қолжеткізу үшін мемлекеттік жерлердің жалғасы ғана болып табылмайды. МЖК тәуекелдерді бөліп, мемлекеттік активтерді ұсынып, мемлекеттік қызметтерді көрсетуді білдіреді;

- мемлекеттік активтерді жекешелендіру немесе беру болып табылмайды;

- мемлекеттік кәсіпорынды құру жолымен мемлекеттік қызметтерді «коммерциализациялау» да болып табылмайды. МЖК жобаларында белгілі операциялық және қаржылық тәуекелдер жеке секторға беріледі, ал сондай қызметтерді атқаратын мемлекеттік кәсіпорынның тәуекелдері мемлекеттік секторға жүктеледі;

- мемлекеттік органдарға қарыз ұсыну да болып табылмайды. МЖК-тің басты мақсаты болып қаржылай ақталатын жобаларға жеке капиталды тарту жолымен мемлекеттік инвестициялық әлеуетті арттыру болып табылады.

Қазіргі уақытта мемлекет пен бизнестің өзара әрекеттесуінің келесі модельдерін атап көрсетуге болады (сур. кара).



Сурет. Мемлекет пен бизнестің өзара әрекеттесу модельдері

Суреттен көріп отырғанымыздай, мемлекет пен бизнестің өзара әрекеттесу модельдері төрт бағытта жүзеге асырылады:

- идеалды модель (теориялық) — мұнда нарықтық орта жағдайындағы мемлекет пен биліктің өзара әрекеттесуі анықталады;

- ұлттық модельде нарықтық экономиканың белгілі моделіндегі мемлекет пен биліктің өзара әрекеттесуі сипатталады;

- нормативті модель — мемлекеттегі бекітілген норма, ережелер негізінде қалыптасқан мемлекет пен биліктің өзара әрекеттесуі жүзеге асады;

- нақты институционалды модельде ресми және бейресми нормаларға сәйкес белгілі аймақтарда қалыптасқан мемлекет пен биліктің өзара әрекеттесуі бағыттары жинақталады.

Мемлекеттік реттеу дамыған елдерде белсенділіктің түрлі дәрежесімен қолданылады. Тіпті экономиканың жоғары даму жағдайында да мемлекет елдегі экономикалық үдерістерден ешқашан сырт қалмайды. Дағдарыстық кезеңдерде мемлекет неғұрлым белсенді әрекет етсе, ал тұрақтылық пен өсім кезеңдерінде төменгі белсенділікпен жұмыс жасайды.

Жалпы, мемлекет және оның заңдары бизнесті жүргізудің барлық аспектілерін шешуге қабілетсіз. Салықтық, қаржылық және өзге де салаларды мемлекет бақылағанмен, бірақ мемлекет қоғамға жауапты қатынасты жүктей алмайды. Мемлекет корпоративті мәдениетті қалыптастыру,

әлеуметтік этика қағидаларын енгізу, әлеуметтік жауапты іс-әрекетті өңдеу бойынша отандық кәсіпорындарды ынталандыруы керек. Мемлекеттің бизнес алдындағы жауапкершілігі бизнестің елдегі қолайлы инвестициялық ахуал, сәйкес салық жүйесі (ұзақ уақыт бойы өзгермейтін) арқылы қоғам алдындағы өз міндеттерін дамыту мен орындауы үшін жағдай жасауға арналған.

Қоғамда бизнестің жауапкершілігіне қатысты жоғары талап қою аясы болуы тиіс, билік заңнамамен қарастырылған өзінің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру үлгілерін көрсетуі керек. Биліктің заң шығарушы және атқарушы органдарына бизнес өкілдері және коммерциялық емес ұйымдармен бірлесе отырып, бизнестің корпоративті әлеуметтік жауапкершілігін қолдау мен ынталандырудың заңнамалық аспектілерін зерттеп, дамыту қажет. Компаниялардың әлеуметтік дамуының белсенді стратегиясын қалыптастыруда мемлекет пен коммерциялық емес ұйымдардың күшін қаншалықты біріктіруінен бизнестің бәсекеқабілеттілігі де тәуелді болады.

Бизнес пен биліктің әлеуметтік бағдарланған өзара қатынастарын тәжірибеде дамыту үшін оларды теориялық негізде модельдеуге болады.

Жалпы күйде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік мемлекеттік сектордың қоғамдық қызметтерді ұсынудың дәстүрлі моделі мен толық жекешелендіру арасында болады.

Алайда аталмыш шеңберде мемлекеттік сектордың міндеттері мен қажеттіліктеріне байланысты пайдаланыла алатын МЖӨ потенциалды шарттық құрылымдарының үлкен көлемі әрекет етеді. Мәміленің нақты құрылымы туралы шешім қандай тәуекелдер мен міндеттемелердің мемлекеттік органға, сәйкесінше қайсыларының жеке әріптеске жүктелуінен тәуелді болады.

Нақты жобалар үшін, қандай модельдің қолданылуы туралы шешім пайдалы, қолжетімді, инвесторлар, кредиторлардың қызығушылығы сияқты түрлі факторларға тәуелді болады.

Барлық жобалардың МЖК үшін тиесілі болмайтынын айта кету қажет. Мемлекеттік-жекеменшік кәсіпкерлік мемлекеттік сектордың 100 %-дық қатысуымен салыстырғанда қаражаттарды жұмсаудың тең немесе жоғары тиімділігін қамтамасыз етуі тиіс. Мұнда қаржыландыру мен жүзеге асырудың өзге нұсқаларымен салыстырғанда МЖК жобаларының өмірлік әрекетін нақты бағалау талап етіледі. Оның міндеті қызметтерді жақсартып, «қаражаттарды жұмсаудың ең жақсы тиімділігін» қамтамасыз ету болып табылады.

Қаражаттарды жұмсаудың тиімділігі мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктегі қозғаушы күш болып табылады. Мемлекеттік сектордың қатысуымен салыстырғанда МЖК қосымша табыстылығы келесілерден алынады:

- инфрақұрылым құру жобаларын неғұрлым жылдам жүзеге асыру;
- неғұрлым жоғары сападағы қызметтер;
- қызмет ұсынудың өмірлік сатысының шығындары;
- тиімділік пен жаңашылықты арттыру;
- табысқа ынталандыру үшін ұйымдастырылған тәуекелдерді бөлу.

Бизнес пен мемлекеттің өзара әрекеттестігі көбінесе мемлекеттік меншікті басқару, өңірлік даму, жылжымайтын мүлік нарығы, технологиялық дамуды қолдау инфрақұрылымы, көлік инфрақұрылымы, коммуналды-шаруашылық, медициналық және білім беру қызметтері салаларында кездеседі.

Әлеуметтік сала ерекшелігін ескере отырып, В.Н. Никитинский МЖК қатынастарына енгізуге болатын объектіні бөліп қарастыруға мүмкін болатын бірқатар шарттарды атап өтеді [3].

Біріншіден, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік үшін басқару объектісін жатқызудың негізгі шарты — мемлекет тарапынан бақылау және басқару ықпалын сақтаумен кәсіпкерлік құрылымдар үшін оның экономикалық тартымдылығы. Бұл айтылғанның стратегиялық әріптес болып табылатын кәсіпкерлік құрылымды тартуды қамтамасыз ететін негізгі шарты екені анық.

Екіншіден, аталмыш объектінің дамуы мемлекеттік басқару субъектісінің басымдығы болуы тиіс, себебі материалды және рухани өнімдер мен әлеуметтік шарттардың ұдайы өндірісі адамдардың өмірлік іс-әрекеті үшін алғашқы да басымды болып табылады. Мұнда әріптестік табыстылығын қамтамасыз ету үшін басқарылатын объектілерге қатысты даму қарқынының болуы шарт, себебі қоғам үшін реформалар, қайта құрулар, әріптестік бағдарламалары мен жоспарлары оңтайлы мәнге ие болмайды.

Үшіншіден, басқарылатын объектілер тек белгілі ұйымдық формада ғана берілген экономикалық және әлеуметтік тиімділікпен қызмет ете алады. Бұл шарт МЖК формасының неғұрлым негізделген түрде таңдалу қажеттілігін туындатады.

Төртіншіден, басқарылатын объектілер белсенділігі қоғамдық сипатқа ие болуына байланысты олар қоғамдық құндылықтарды тұтынуға және өндіруге байланысты. Сондықтан олар қалыптасу, қоғамдық мәртебеге ие болу, қоғамдық есеп беру және бақылауды заңды түрде анықтауға мұқтаж. Аталмыш шарт әр басқарылатын объектіге мақсаттардың анықтығына, іс-әрекет мазмұнына, өзін-өзі реттеу шекараларын орнатуға, мемлекеттік басқару органдарының әрекеттесу сипатын анықтауға мүмкіндік береді.

Бесіншіден, әлеуметтік сала объектілері өзгелермен салыстырғанда жоғары инвестициялық тартымдылыққа ие болмайды. Сонымен қатар кәсіпкер-әріптестің болашақ пайдасын қалыптастыру да қызметтердің әлеуметтік сипатымен, оларды көрсетудегі бағаларды мемлекеттік реттеумен шектеледі. Сондықтан әлеуметтік саладағы МЖК жобаларында кәсіпкерлік құрылымдарды ынталандыру ретінде қандай да бір қосымша игіліктер қолданылуы тиіс.

МЖК моделі коммуналды қызметтер секторының дамуында ереулі рөлге ие бола алады, себебі бюджеттен тыс қаржыландыруды тарту есебінен ол бюджеттік шектеулер жағдайында инфрақұрылымға инвестициялардың жылдамдатылуына ықпал етеді. МЖК моделін тиімді қолданатын шетелдердің тәжірибесі жекеменшік компаниялардың мерзімінде инфрақұрылымдық жобалар құрылысының аяқталуын қамтамасыз етіп қоймай, сонымен қатар тұтастай «өмірлік цикл» кезеңінде активтердің техникалық жағдайын сақтап, оны тиімді пайдаланатынын дәлелдейді. Басты нәтиже — бұл халыққа ұсынылатын қызмет көрсету сапасының артуы.

Бүгіндері Қазақстанда мемлекеттік-жекеменшік әріптестік бойынша ұғымдар мен нормативтік-құқықтық базаның біркелкілік жиынтығы қалыптасуда. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамыту бағдарламасында былай делінген: МЖК тетігін тиімді қолданудың бастапқы қадамы — аталмыш құбылыстың мемлекеттік-құқықтық рәсімделуі. Осы тұрғыдан мемлекет мынадай жағдайларды мойындауы тиіс:

- әріптестік формасында ынтымақтасуға дайындығын;
- түрлі экономикалық мектептер арасындағы келіспеушілікті жойып және таңдалған көзқарастың дұрыстығын қолдай отырып, тиімді экономикалық форманың әріптестігін;
- мемлекет МЖК салалары мен аталмыш саладағы жобаларды іске асырудағы мақсаттардың нақтылығын [4].

Кең мағынада экономика мен мемлекеттік басқару саласындағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің негізгі әдістеріне келесілер жатқызылады:

- мемлекет пен бизнестің өзара әрекеттесуінің кез келген өзара тиімді формалары;
- мемлекеттік келісім-шарттар;
- жалға беру қатынастары;
- қаржылық жал (лизинг);
- мемлекеттік-жекеменшік кәсіпорындар;
- өнімді бөлу жайлы келісімдер;
- концессиялық келісімдер.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 379-V Заңына [5] сәйкес МЖӘ екі әдістері қарастырылған:

- институционалдық;
- келісім-шарттық (кестені қара).

Қазақстанның ұлттық экономикасының дамуы инновациялық салалардағы тиімді тетіктердің бірі ретіндегі мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті жүзеге асыру қағидаларын қарастыратын МЖӘ жаңа формаларын әрі қарай ізденуді және игеруді талап етеді. Аталған формалардың әрқайсысында нақты тетіктер мен құралдарды қалыптастыратын экономикалық, ұйымдық, қаржылық, құқықтық, басқарушылық және өзге қатынастар жиынтығы шоғырландырылған.

**Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекеменшік
әріптестікті жүзеге асыру тәсілдері**

МЖК тәсілдері	Тәсілдердің сипаттамасы
Институционалдық	Институционалдық мемлекеттік-жекеменшік кәсіпкерлікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартына сәйкес мемлекеттік-жекеменшік кәсіпкерлік компаниясы іске асырады. Өзге жағдайларда мемлекеттік-жекеменшік кәсіпкерлік келісім-шарттық мемлекеттік-жекеменшік кәсіпкерлік тәсілі бойынша жүзеге асырылады
Келісімшарттық	Келісімшарт тәсілінің түрлері: – концессия; – мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару; – мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдау (жалға алу); – лизинг; – технологиялар әзірлеуге, тәжірибелік үлгі дайындауға, тәжірибелік-өнеркәсіптік сынауға және аз сериялы өндіріске жасалатын шарттар; – өмірлік цикл келісім-шарты; – сервистік келісім-шарт; – мемлекеттік-жекеменшік белгілеріне сәйкес келетін өзге де шарттар жасасу

Ескерту. [5] қайнар көзінен алынды.

Мемлекеттік-жекеменшік кәсіпкерлік тарапынан жүзеге асырылатын ұлттық жобалар республикалық және жергілікті деңгейде болады. Меншік түрі бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру нәтижесінде алынған мүлікке туындайтын меншік (республикалық немесе коммуналдық) құқығына қарай республикалық немесе жергілікті болып бөлінеді. Пайда алушылар бойынша, егер пайда алушылар екі және одан көп облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және Астананың субъектілері болып табылса — республикалық ретінде және егер пайда алушылар бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және Астананың субъектілері болып табылса, жергілікті ретінде мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің республикалық және жергілікті жобаларын айқындау өлшемшарттары болып табылады.

Мемлекет пен жеке сектордың әріптестігін жетілдіру мәселелерін шешудегі маңызды фактор — аталмыш үдеріске қоғамның белсенді қатысуы, өз кезегінде, МЖӘ дамуына серпін беріп, бизнес пен билік арасындағы өзара қатынастардың ашықтығын арттырып, жемқорлық көріністеріне қарсы тұратын болады.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік құралдарын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін маңызды шарт — әріптестіктің барлық тараптарының мүдделерін ескеретін шешім қабылдау үдерісінің анықтылығы. Қазақстанда үкіметтік шешімдердің мөлдірлігі мен ашықтығы басқарудың ақпараттық жүйелерін пайдалану арқылы тек соңғы жылдары кең дамуға ие болды. МЖӘ мөлдір моделін қалыптастыру үшін қоғам мен сарапшылар тарапынан бақылаудың қажеттілігі анықталды.

Осы тұрғыдан әріптестік тиімділігін қамтамасыз ету, сонымен қатар мемлекеттік және жеке әріптестер арасындағы сенім мәселесін шешуде айрықша рольге 2008 жылы ҚР Үкіметінің Қаулысымен МЖК мәселелері бойынша «Қазақстандық мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығы» [6] мамандандырылған ұйымның құрылуы ие. Аталмыш орталық өз саласында арнайы білімге ие болып қана қоймай, сонымен қатар концессиялық жобаларды экономикалық сараптау үшін институционалды жүйенің қажетті өкілеттігіне ие. Аталмыш ұйымның әрекет етуінің басты мақсаты – концессиялық жобалардың іске асырылуын әдістемелік және әдіснамалық қамтамасыз етуге жәрдемдесу.

«Қазақстандық мемлекеттік-жекеменшік кәсіпкерлік орталығы» ұйымының өкілеттіктері келесі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді:

- мемлекеттік органдар мен жеке сектор өкілдері арасындағы ынтымақтастық тетіктерін пайдалану тиімділігін арттыру;
- жеке және мемлекеттік сектордың өзара қатынастарында ашықтық және мөлдірлік тетіктерін енгізу арқылы сенім ахуалын қалыптастыру;
- келісім-шартқа отыру процедураларын жетілдіру, басқарудың заманауи технологияларын енгізу;
- МЖК азаматтық-құқықты шарттарының атқарылуын бақылау шараларын жетілдіру;
- жобаны қаржыландыру құқықтары, міндеттері мен шарттарын тең бөлу [7].

Осыған байланысты, инновациялық қызметке бақылау жасайтын құрылымдар Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларын жүзеге асырудың стратегиялық бағдарламаларын дайындауға аса көңіл бөлгені жөн. Негізінен, бұл бағдарламасында инновациялық жобалары бар Технологиялық даму бойынша агенттік пен Қазақстандық мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығына қатысты. Сонымен қатар Технологиялық даму бойынша агенттік инновациялық, бірақ мемлекеттік-жекеменшік мәртебесі жоқ жобаларды іске асыруда.

Сондықтанда ұлттық жобаларды мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы атқару барысында мынадай бағыттарда қызмет жасау керек:

- инновацияларды тез іске асыру және оның тиімділігін өсіру үшін жоспарлаудың жаңа әдістерімен, нәтижеге бағытталған менеджментті арзан жекеменшік құрылымдарымен қамту қызметтерін көрсету барысында жоғары қосымша құнды құру;
- ағымдық қызметтерді іске асыру кезінде пайда болатын тәуекелдерді жеке әріптеспен біріге отырып тиімді басқару;
- жобаларды жүзеге асыру барысында инвестициялық тартымдылықты өсіру.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ұлт жоспары — Н.Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы, 2015. — 20 мамыр. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: www.inform.kz
- 2 Мамыров Н.К., Саханова А.Н., Ахметова Ш.С., Брузати Л. Государство и бизнес. Менеджмент государственного сектора. — Алматы: Экономика, 2002.
- 3 Никитинский В.Н. Государственно-частное партнерство — эффективный механизм создания региональных логистических центров. — М., 2007. — С. 124.
- 4 Гагарин П.А., Двинянин Е.А. Государственно-частное партнерство как инструмент реализации масштабных проектов. — [ЭР]. Режим доступа: <http://www.gradient-alpha.ru/assets/docs/PPP-Research-14.03.2014.pdf>
- 5 Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 379-V Заңы. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: www.adilet.zan.kz
- 6 «Қазақстан Республикасында мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамыту жөніндегі 2011–2015 жылдарға арналған бағдарлама» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 731 Қаулысы.
- 7 Концессия мәселелері жөнінде мамандандырылған ұйым құру туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 шілдедегі № 693 Қаулысы.

Ж.С. Хусаинова

Особенности государственно-частного предпринимательства в реализации национальных проектов Казахстана

В статье исследованы тенденции реализации общественных и личных интересов в условиях рыночной экономики через механизм государственно-частного партнерства. Государственно-частное партнерство определено в качестве способа содействия развитию национальных проектов Казахстана. Рассмотрены особенности государственно-частного партнерства в активизации инновационной деятельности страны. Предложены пути совершенствования развития государственно-частного предпринимательства в стратегическом управлении национальных проектов.

Zh.S. Khussainova

Features of public-private entrepreneurship in the implementation of national projects in Kazakhstan

The article examines trends in the implementation of public and private interests in a market economy through the mechanism of public-private partnership. The authors have identified public-private partnerships as a way to promote the development of national projects in Kazakhstan. The article describes the features of a public-private partnership in the innovation activity of the country. The authors suggest ways to improve the development of public-private enterprise in the strategic management of national projects.

References

- 1 *Plan of the nation — 100 concrete steps. President of the Republic of Kazakhstan program on May 20, 2015*, [ER]. Access mode: www.inform.kz
- 2 Мамыров Н.К., Сакханова А.Н., Ахметова Ш.С., Брузати Л. *The state and business. public sector management*, Almaty: Ekonomika, 2002.
- 3 Nikitinsky V.N. *Public Private Partnership — an effective mechanism for the creation of regional logistics centers*, Moscow, 2007, p. 124.
- 4 Gagarin P.A., Dvinyaninov E.A. *Public-private partnership as a tool for large-scale projects*, [ER]. Access mode: <http://www.gradient-alpha.ru/assets/docs/PPP-Research-14.03.2014.pdf>
- 5 *The Law of the Republic of Kazakhstan dated October, 31, 2015, No. 379-V «On Public-Private Partnership»*, [ER]. Access mode: www.adilet.zan.kz
- 6 *Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated June 29, 2011 № 731 «On approval of the Program for the development of public-private partnership in the Republic of Kazakhstan for 2011–2015»*.
- 7 *On the creation of a specialized organization on concessions*. Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan of July, 17, 2008, 693.

РЕПОЗИТОРИЙ КАРГАНДИНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА